

Келісемін

ДТІЖО

С.Көшербайұлы

Мектеп



« Мәдени жалпы білім беретін» КММ мектебі

7 –«А» сыныбының біртұтас тәрбие

Бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы

2023-2024 оқу жылына

арналған тәрбие жұмысының жоспары

Мәдени ауылы

2022-2023 оқу жылы тәрбие бағыттары бойынша жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жоспары

Қыркүйек айы

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	а) Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Тәуелсіздік жетістіктері»	01.09.2022	Исаева Ж
2	ә) Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігінде мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбие	Мектептегі қауіпсіздік ережелері	07.09.2022	Исаева Ж
3	Отбасы тәрбиесі	«Әке-дана қорғаның»	14.09.2022	Исаева Ж
4	Ұлттық тәрбие	«Тілім менің – тіршілігім тынысым»	21.09.2022	Исаева Ж
5	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	«Мен және менің отбасым»	28.09.2022	Исаева Ж
6	Рухани-адамгершілік тәрбиесі	«Төрімізден қарттарымыз кетпесін!»	05.10.2022	Исаева Ж

Қазан

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Рухани адамгершілік тәрбиесі	«Ұстазым-ұлағатым, үлгі өнегем!»	12.10.2022	Исаева Ж
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл	19.10.2022	Исаева Ж
3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Күзгі бал	26.10.2022	Исаева Ж

4	Ұлттық тәрбие	«Салт-дәстүрдің білесін бе?»	26.10.2022	Х Исмаилов
№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерімі	Жауапты
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Бақытты балалық шақ»	09.11.2022	Исаева Ж
2	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Қоршаған ортаны аялай білейік!»	16.11.2022	Исаева Ж
3	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігінде мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбие	«Интернет кеңістігінің әсері»	23.11.2022	Исаева Ж
4	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Қазақша жыл санау»	30.11.2022	Исаева Ж

Қараша

Желтоқсан

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерімі	Жауапты
1	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	Денсаулығы ғаламның-денсаулығы адамның	07.12.2022	Исаева Ж
2	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Тәуелсіздік таны»	14.12.2022	Исаева Ж

3	Ұлттық тәрбие	«Ұлттық тәрбие – ұлалат көз» ырым тыйым сөздер	21.12.2022	Исаева Ж
4	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігінде мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбие	«Жаксы мінез – жан азығы»	28.12.2022	Исаева Ж

Қаңтар

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мертімі	Жауапты
1	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Білімді бала-ел ертеңі»	11.01.2023	Исаева Ж
2	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігінде мінез-құлық мәдениетіне, киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбие	«Интернетсіз бір күн»	18.01.2023	Исаева Ж
3	Рухани адамгершілік тәрбие	«Абай- дара.Абай-дана қазақта»	25.01.2023	Исаева Ж

Ақпан айы

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Еңбек- мұратқа жеткізер»	01.02.2023	Исаева Ж
2	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»	08.02.2023	Исаева Ж
3	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Шығыстың бәйтерегі» Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын таныстыру (1150 жылдығына орай)	15.02.2023	Исаева Ж
4	Ұлттық тәрбие	Қазақтың ұлттық ойындарын білесіз бе?	22.02.2023	Исаева Ж

Наурыз айы

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	Б.Момышұлы –батыр тұлға Б.Момышұлы 110 жыл	01.03.2023	Исаева Ж
2	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі бола ала ма?»	08.03.2023	Исаева Ж
3	Ұлттық тәрбие	«Наурыз тойы мерекем, Салт-дәстүрім -берекем»	15.03.2023	Исаева Ж

Сәуір айы

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Жеке бас гигиенасы»	05.04.2023	Исаева Ж
2	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Адам әдептілігімен әдемі» «Мәдени ескерткіштер сыр шертеді»	12.04.2023	Исаева Ж
3	Еңбек, экономиялық және экологиялық тәрбие	«Еңбек бәрін жеңбек»	19.04.2023	Исаева Ж
4	Рухани адамгершілік тәрбиесі		26.04.2023	Исаева Ж

Мамыр айы

№	Тәрбие бағыты	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	«Отан деп соккан жүрегі»	03.05.2023	Исаева Ж
2	Отбасы тәрбиесі	«Шанырағым шаттығым!»	10.05.2023	Исаева Ж
3	Рухани адамгершілік тәрбие	Адамгершілік – рухани байлық	17.05.2023	Исаева Ж
4		Сыңғырла, соңғы қоңырау	24.05.2023	Исаева Ж

Сынып жетекшісі: *Исаева Ж. Исаева*

Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл ұжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін ілім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты озделеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор,

Адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін адірлеуге,перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, атулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, сауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін алыптастыру.

4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және моционалды тұрақтылыққа баулу.

5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін адірлейді.

2.Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет әуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас рекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету; Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді

Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: Академиялық адалдық қағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділіктаныту;

Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командамен жұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтын ұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:


Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;


Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; Ізденімпаз, жасампаз
ұлға тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктер.


ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ




ТАЛАП



ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (мемлекеттік)



АР-ҰЯТ



№	Мезімі	Тәрбие құндылықтары	Тақырыбы	Мерзімі
1	қыркүйек	Ұлттық мүде ар-ұят, талап	Мектебім- мейрім мекені	01.09
2		Ұлттық мүде	А.Байтұрсыновтың 150 жылдық мерей тойы	07.09
3		Ұлттық мүде	1001 мақал, 101 жұмбақ	15.09
4		Ар- ұят	Қазақ тілі ана тілім	21.09
5		Ұлттық мүде	Д. Қонаевтің туғанына 110 жыл	28.09
6	Қазан	Ар -ұят	Қарттарым асыл- қазынам!	09.10
7		Ұлттық мүде, талап	Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық	16.10
8		Ар-ұят	Әдептілік- тәрбие бастауы	23.10
9		Ар-ұят	Кішілерге қамқорлық	30.10
10	қараша	Ар-ұят	Мейрімділік-асыл қасиет	06.11.2023
11		Ұлттық мүде	Ұлы жүздің биі Төле би 360 жыл	13.11
12		Ұлттық мүде, талап	Терең білім ,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет	20.11
13		Талап	Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз !	27.11
14	желтоқсан	Талап	Салауатты өмір-жарқын болашақ	04.12
15		Ұлттық мүде	Тәуелсіздік баға жетпес байлығым	11.12
16		Талап , ар-ұят	Құқықбұзушылық және жасөспірім	18.12
17		Талап	Жаңа-жылдағы қауіпсіздік ережелері	25.12

18	Қаңтар	Ар-ұят	Мейрімділік сенен басталады	08.01.2024
19		Ұлттық мүде	Қазақтың батыры, көрнекі ақыны Махамбет Өтемісұлының туған жылына 220 жыл	15.01
20		Ар-ұят	Қайрымдылық жылы жүректен	22.01
21		Ұлттық мүде	Атадан қалған-асыл мұра	29.01
22	ақпан	Талап	Цифырлық сауаттылық заман талабы	05.02
23		Ар-ұят	Ізгілік - адамгершілік белгісі	12.02
24		Талап	Құқықтық сауаттылық-заман талабы	19.02
25		Ар-ұят	Алғыс айту-парызым!	26.02
26	наурыз	Ар-ұят	Гүл мереке, күн мереке-8-наурыз!	04.03
27		Талап	Қылмыс неден туындайды?	11.03
28		Ұлттық мүде	Наурыз- Ұлыстың ұлы күні	18.03
29	сәуір	Ар-ұят	Жүректі жылытар мейрімділік	01.04
30		Ұлттық мүде	Патриотизм-ұлттық рухтың асқақ белгісі	08.04
31		Ұлттық мүде	Байқоңыр ғарыш айлағы	15.04
32		Ұлттық мүде, талап	Заң және заман	22.04
33		Ұлттық мүде, талап	Ұлттық құндылықтар-тәрбиенің түп қазығы	29.04
34	мамыр	Ұлттық мүде	1 мамыр- Халықтар бірлігі күні	06.05
35		Ұлттық мүде	Отан қорғаушылар күні	13.05
36		Ұлттық мүде	Отбасы- бақыт мекені	20.05
37		Ұлттық мүде	Білімім- отаныма	24.05

Сынып жетекшісі:

Исағ М. Исаева

1 - қыркүйек – білім күні

Сабақтың мақсаты: Балаларға 1 - қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Ол туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

Мемлекеттік әнұранды орындау.


Мұғалім : Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі сабағымыз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. 1 - ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.



Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінде мұғалімдер күні мерекесіне орай іс-шара жоспары құрылып өз кезегінде атқарылуда. Осы іс-шара аясында 2 қазан күні 5-сынып жетекшілері "Ұстаз ұлағатты есім", "Ұстаз аты - биік, әрі мәңгілік" тақырыптарында тәрбие сағаты ұйымдастырылып өткізілді.


Мақсаты: оқушыларға ұстаз—екінші ана екендігін түсіндіру, мұғаліммен оқушы арасындағы байланысты нығайту, ұлы тұлға ұстазға құрмет көрсету, лебіз білдіру, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу көзделді.



7 «А» сынып білім алушыларымен 25 желтоқсан күні
«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға Жаңа жыл туралы ұғым беріп, Жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге баулу. Жаңа жылды барлық бойларында бар өнерін ортаға салып, үйрету. Көңілді өткізу өз қолдарында екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: Жасыл шырша, түрлі - түсті от - шашу, гүл, жалауша, шарлар, қанатты сөздер, буклет, мерекелік қабырға газет және т. б.



Мәдени жалпы білім беретін мектебінде наурыз айында 7 сыныптар арасында «Зиялылар сайысы» тәрбиелі іс-шарасы болып өтті.

Мақсаты : оқушылардың алған білімдерін пысықтау, ой-рісін дамыту, шапшаңдыққа, тапқырлыққа жетелеу.



Мәдени жалпы білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылында

7 «А» сыныпта атқарылған тәрбие жұмыстарының

Есебі

Сыныпқа мінездеме

2023-2024 оқу жылында 7 «А» сыныбына жетекшілік еттім. Басты мақсатым: адамның бойында білімге негізделген этикалық құндылықтар.

Сыныбымда 18 оқушы, оның ішінде 10 ұл бала, 8 қыз бала болды. Оқу озаттары 4, екпінділер 7 болды. Сынып оқушыларының оқу әрекетіне, тәрбиелік шараларға қатысу белсенділіктері жас ерекшеліктеріне сай жақсы деп айтуға болады.

Оқушылардың мұғалімге қарым-қатынастары жақсы, педагогикалық талаптарға бағынады.

Сынып оқушыларының мектеп мотивациялары оң, сабаққа қызығушылықпен келеді, көңіл-күйлері көтеріңкі. Сыныптың әлуметтік деңгейі: Ұжымда оқушылар жақсы қарым-қатынаста. Сынып оқушылары ұйымшыл. Сонымен қатар сыныпта шығармашылыққа бейім оқушылар бар. Жалпы сыныптан тыс шараларға, сабақтарға белсене қатысады. Сынып белсенділері- оқу секторы, мәдениет, тазалық, шаруашылық секторы және дене тәрбиесі мүшелері де өз жұмыстарын тиянақты атқарады. Оқушылар мектептегі түрлі үйірмелермен сондай-ақ мектептен тыс үйірмелерге қатысады. Мәселен вoleyбол, бокс, күрес т.б.


Оқушылардың еңбек қатынасына деген ынта-жігері жоғары. Сыныптағы оқушылардың бір біріне деген қарым-қатынасы өте жақсы, бір-бірімен өте тату, қиыншылық кезде бір біріне қол ұшын беруге әзір тұрады. Мектептің қоғамдық жұмыстарына әр уақытта топпен бір кісідей атсалысып қатысып, тапсырылған жұмыстарды уақытында, тиянақты, үлкен жауапкершілікпен атқарады. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі. Ұл балалар мен қыз балалардың өзара қарым-қатынастарыда айтарлықтай жақсы. Сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Ата-аналарға келетін болсам, олар сынып өміріне белсенді қатысып отырады. Еш себепсіз сабақтан қалдырмайды. Түсінбеген сұрақтарын біліп алуға тырысады. Бірінің білмегенін бірі айтып үнемі көмектеседі.

7 «А» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие іс – шаралары

Сыныпта сынып белсенділері сайланған. Оларға міндеттері түсіндіріліп отады. Жыл соңында сынып жиналысында есептері тыңдалады.

Сыныпта жыл бойына тәрбие жоспары бойынша сынып сағаттары өткізіліп отырады. Оқушылар сыныпта, бастауыш сынып арасында, мектеп ішілік іс шараларға белсене қатысып отырды.

«Жол жүру ережесін білеміз бе?» сауалнама, **Жол жүру ережесін еске түсіреміз!** тақырыбында тәрбие сағаты, Біз зорлық – зомбылыққа қарсымыз! **тәрбие сағаты**, Жаңа жылдағы қауіпсіздік ережелері өртке қарсы сақтық шаралары сынып жиналыстарында өткізіліп, ақпараттар жазылды.



Кейбір ата-аналармен оқушылардың білімі мен тәрбиесі төнірегінде жеке және топтық кездесулер өткіздім.
Сыныпта өткізілетін тәрбие сағаттары мен тәрбиелік мәні бар іс-шаралардың уақытында өткізілуі нәтижесінде құқық бұзушы бала, ата-ана жоқ.

Нәтиже: Оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым.



Кыргыз тобу бу



